

Время до конца сессии :15:00s

Моя учетная запись

Мои данные
Язык

Документы

Мои документы
Проверить документ

Коды

Коды
Купить коды

Помощь

ЧАВО
Обратная связь

Коды

Большой 36

Сохранить Печать Назад

Краткий отчет



Университет:	Satbayev University
Название:	БЖЗҚ инвестиция қоржынын басқару на проверку.doc
Автор:	Намазбек Назым, Андақұл Ұлпан, Жумаканов Данияр, Саламатова Несібелі
Координатор:	Гульмира Муханова
Дата отчета:	2019-04-25 10:26:14
Козффициент подобия № 1: ?	0,1%
Козффициент подобия № 2: ?	0,0%
Длина фразы для коэффициента подобия № 2: ?	25
Количество слов:	22 060
Число знаков:	189 654
Адреса пропущенные при проверке:	
Количество завершенных проверок: ?	12

! К вашему сведению, некоторые слова в этом документе содержат буквы из других алфавитов. Возможно - это попытка скрыть позаимствованный текст. Документ был проверен путем замещения этих букв латинским эквивалентом. Пожалуйста, уделите особое внимание этим частям отчета. Они выделены соответственно.
Количество выделенных слов 27

>> Самые длинные фрагменты, определенные, как подобные

>> Документы, в которых найдено подобные фрагменты: из RefBooks i

>> Документы,содержащие подобные фрагменты: Из домашней базы данных

>> Документы,содержащие подобные фрагменты: Из внешних баз данных

>> Документы,содержащие подобные фрагменты: Из интернета

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А.Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

Намазбек Назым, Андақұл Ұлпан,
Жумаканов Данияр, Саламатова Несібелі

Дипломдық жобаға

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

«БЖЗҚ-ның инвестициялық қоржынын талдау және жетілдіру»

5В050900-Қаржы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А.Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
«Бизнес және менеджмент»
Кафедра меңгерушісі
PhD докторы, профессор
С.Н. Досова
« 14 » 04 2019 ж.

Дипломдық жобаға

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Тақырыбы: «БЖЗҚ-ның инвестициялық қоржынын талдау және жетілдіру»

5B050900-Қаржы

Орындаған: Андақұл Ұлпан,
Намазбек Назым,
Жумаканов Данияр,
Саламатова Несібелі

Пікір беруші

экон.ғыл. кандидаты, доцент
А.С. Асилова
2019 ж.



Алматы 2019

Ғылыми жетекші
экон.ғыл.канд., асс. профессор
Қ.С. Сакибаева
« ___ » _____ 2019 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А.Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы


5B050900-Қаржы

БЕКІТЕМІН

«Бизнес және менеджмент»

Кафедра меңгерушісі

PhD докторы, профессор

 С.Н. Досова

« 26 » 04 2019 ж.

**Дипломдық жобаны орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушылар: Намазбек Назым, Андақұл Ұлпан, Жумаканов Данияр,
Саламатова Несібелі

Тақырыбы: «БЖЗҚ-ның инвестициялық қоржынын талдау және жетілдіру»

Университет ректорының «25» 09. 2018 ж. №1064-б бұйрығымен бекітілген
Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «20» сәуір 2019 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері Есеп-түсініктеме жазбаның талқылауға берілген сұрақтарының тізімі мен қысқаша диплом жобаның мазмұны

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

1) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық қоржынын жетілдірудің теориялық негіздері;

2) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық қоржынын талдау;

3) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының даму болашағы мен инвестициялық қоржын сапасын арттыру жолдары;

Сызбалық материалдардың тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)


9 кесте, 7 сурет, 27-жұмыс презентациясының слайды.


Ұсынылған негізгі әдебиет барлығы 26 атау

Дипломдық жоба дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге көрсету мерзімі	Ескерту
1) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық қоржынын жетілдірудің теориялық негіздері	03. 03. 2019	Орындады
2) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық қоржынын талдау	30. 03. 2019	Орындады
3) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының даму болашағы мен инвестициялық қоржын сапасын арттыру жолдары	02. 04. 2019	Орындады

Аяқталған дипломдық жоба бөлімдеріне норма бақылаушының қойған қолтаңбасы

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер (тегі, аты, әкесінің аты)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Норма бақылаушы	Г.С. Муханова	22. 04 2019	

Ғылыми жетекшісі:  Сакибаева Құралай Сарсембайқызы

Тапсырманы орындайтын білім алушылар: Намазбек Назым, Андақұл Ұлпан, Жумаканов Данияр, Саламатова Несібелі

Күні «23» 04 2019 ж.

5B050900 – Қаржы мамандығы студенттері Намазбек Назым, Андакүл
Ұлпан, Жумаканов Данияр, Саламатова Несібелінің
«БЖЗҚ-ның инвестициялық қоржынын талдау және жетілдіру» тақырыбына
жазылған дипломдық жобасына

СЫН-ПІКІР

Өзірленген:

- а) графикалық бөлімі 5 - парақ
- б) түсіндірме жазбасы 55 бетте

ЖҰМЫСҚА ЕСКЕРТУ ЖАСАУ

ҚР зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру, тәуекелін кеміту және салымшыларға қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының болашақтағы дамуы мен инвестициялық стратегиясын бағалау қажет.

Дипломдық жоба алдына қойылған мақсат, міндеттерін толығымен ашқан, өзбетінше жүргізілген ғылыми жұмыс деп айтуға тұрады.

Әсіресе, дипломанттарың Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық қоржынын жан-жақты талдап, негізгі проблемаларын айқындауы ерекше қызығушылық тудырады. Жалпы қордың болашақтағы даму бағытын, Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін жаңғырту жолдары қажетті деңгейде қарастырылған.

Жұмыста зейнетақы активтерін басқарып, сәйкес инвестициялық стратегияны таңдау және жетілдіруде Зейнетақы активтерін басқаруға маманданған арнайы компаниялардың құрылу керектігін және олардың әлемдік тәжірибінде кеңінен таралғандығын көрсетеді.

Қарастырылып отырған дипломдық жұмыста стилистикалық қателіктер кездеседі, дегенмен бұл жұмыстың ғылыми құндылығын түсірмейді.

Жұмыс бағасы

«БЖЗҚ-ның инвестициялық қоржынын талдау және жетілдіру» тақырыбына жазылған дипломдық жобаны Мемлекеттік аттестациялау комиссиясының алдында сәйкесінше қорғалған жағдайда «өте жақсы» (95%) деп бағалауға болады

Пікір беруші

ҚазҰУ, «Қаржы» кафедрасының доценті
(лауазым ғылыми дәрежесі, атағы)

Асилова А.С.

2019 ж.

ҚазҰТЗУ 704-22 ж. Сын-пікір



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

5B050900 – Қаржы мамандығы студенттері Намазбек Назым, Андакүл
Ұлпан, Жумаканов Данияр, Саламатова Несібелінің
«БЖЗҚ-ның инвестициялық қоржынын талдау және жетілдіру» тақырыбына
жазылған дипломдық жобасына

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ

ҚР зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру, тәуекелін кеміту және салымшыларға қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының болашақтағы дамуы мен инвестициялық стратегиясын бағалау қажет.

Жұмыстың бірінші бөлімінде Қазақстан Республикасы зейнетақымен қамтамасыз етудің экономикалық негіздері берілген.

Талдамалық бөлімде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық қоржынын талдау жан-жақты талдау жасалып, инвестициялы қоржын сапасының мәселелерін айқындалған.

Жұмыстың үшінші бөлімінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының даму болашағы мен инвестициялық қоржын сапасын арттыру жолдары ұсыныстар жасалған.

Жұмыс логикалық жалғасымы бар аяқталған жұмыс деп айтуға болады.

Дипломанттар дипломдық жобаны жазу барысында барынша жауапкершілікпен, ізденімпаздықпен қарап, берілген тапсырмаларды дер кезінде орындап, берілген уақытқа сай өзбетінше орындап шықты.

Тақырыптың өзектілігін, жұмыс мазмұны мен рәсімделуін, дипломанттың жұмысқа деген қарым-қатынасын ескере отырып, «БЖЗҚ-ның инвестициялық қоржынын талдау және жетілдіру» тақырыбына жазылған дипломдық жұмысты Мемлекеттік аттестациялық комиссия алдында қорғауға жіберуге болады және «өте жақсы» (90%) деп бағалауға болады

Пікір беруші

Э.ғ.к., «ҚЖЕ» кафедрасының проф. ассистенті

(лауазым, ғылыми дәрежесі, атағы)

Сакибаева Қ.С.

« 24 » 04 2018 ж.

ҚазҰТЗУ 704-21 Ү. Пікір

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	
1	Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық қоржынын жетілдірудің теориялық негіздері	8
1.1	Зейнетақымен қамсыздандырудың экономикалық мазмұны мен мәні	8
1.2	ҚР зейнетақы жүйесінің даму алғышарттары мен негізгі кезеңдері	13
2	Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық қоржынын талдау	18
2.1	Қазақстандағы қазіргі кездегі зейнетақы жүйесін талдау	18
2.2	ҚР бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық қоржынын талдау	26
3	Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының даму болашағы мен инвестициялық қоржын сапасын арттыру жолдары	39
3.1	ҚР зейнетақы жүйесін жаңғырту бағыты	39
3.2	БЖЗҚ инвестициялық қоржын сапасын арттыру жолдары	44
	Қорытынды	50
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	52

АНДАТПА

Дипломдық жобаның мақсаты -«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ дамуын және оның инвестициялық стратегиясына бағалау және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар беру.

Жобада жеке лицензиялар негізінде зейнетақы активтерін басқару жөніндегі қызметтің айрықша түрін жүзеге асыратын жеке басқарушы компаниялар мен инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және ӨСК-өмірді сақтандыру жөніндегі компаниялар, сонымен қатар ҚР ҰБ қатысатын Зейнетақы активтерін басқару жүйесінің жаңа моделі ұсынылды.

АННОТАЦИЯ

Цель дипломного проекта -оценка инвестиционной стратегии Единого накопительного пенсионного фонда и выработка предложений по ее совершенствованию. В проекте представлена новая модель системы управления пенсионными активами с участием частных управляющих компаний, осуществляющих особый вид деятельности по управлению пенсионными активами на основе индивидуальных лицензий и профессиональных участников рынка ценных бумаг, обладающих лицензиями на осуществление деятельности по управлению инвестиционным портфелем, а также компаний по страхованию жизни НБ РК.

ABSTRACT

The purpose of the diploma project is to evaluate the investment strategy of the Unified pension savings Fund and develop proposals for its improvement. The project presents a new model of the pension asset management system with the participation of private management companies engaged in a special type of activities for the management of pension assets on the basis of individual licenses and professional participants of the securities market with licenses for the management of the investment portfolio, as well as life insurance companies of the national Bank of Kazakhstan.

КІРІСПЕ

Тақырыптың өзектілігі. Зейнетақы жүйесі кез келген елдің басты әрі өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселесі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2018 жылғы Жолдауында Әлеуметтік саясат шегінде «Қазір зейнетақы жүйесі толықтай еңбек өтіліне байланыстырылған. Кім көп жұмыс істесе, сол көп зейнетақы алатын болады» делінген [1].

Қазақстанның қазіргі зейнетақы жүйесі әлеуметтік қамтамасыз етудің маңызды құраушыларының бірі және республиканың экономикасын инвестициялаудың маңызды құралы болып табылады. Зейнетақылық қамтамасыз ету жүйесінің реформаларының бағыты халықты зейнетақылық қамтамасыз ету шығындарындағы мемлекет үлесін барынша төмендетуге негізделген. Қазақстанда зейнетақы жүйесін реформалау ТМД елдерінің ішінде ең бірінші жүргізілгендіктен, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне ауысуда жүргізілген іс-шаралар көптеген елдер үшін үлгі бола алады, дегенмен соңғы әлеуметтік-экономикалық үдерістер осы жүйеге өзгерістерді енгізуді талап етуде. Оның ішінде елдегі зейнетақы жинақтарын инвестициялау тәртібін сауықтыру мақсатында, «халықтардың қартаюу» үдерісін ескере отырып отандық зейнеткерлікке шығу жасына өзгерістер енгізу, жинақталған зейнетақы жинақтарын инвестициялауды реттеуде нақты тұрақтандырушы тұтқаны немесе реттеуші уәкілетті органның енгізу қажеттілігі, т.с.с шаралар өзекті болып табылады.

Сондықтан зейнетақы жүйесінің дамуын және болашақ перспективаларын, сондай-ақ зейнетақы жарналарын қалыптастыру және инвестициялау стратегиясын қарастыру мәселесі өзекті болып табылады.

Зейнетақымен қамсыздандыру кез келген ел үкіметінің басты назарындағы әлеуметтік мәселелер қатарына жатады. Қазақстан Республикасында да азаматтардың қартайғанда әлеуметтік қамсыздандыруға құқықтары Конституцияда бекітілген.

Дипломдық жобаның зерттелу дәрежесі. Зейнетақымен қамтамасыз ету, зейнетақы жүйесі, зейнетақы қорларының жұмысы туралы, шетелдік тәжірибие туралы мәселелермен айналысқан Ресей ғалымдары Борисенко Н., Ю., Волошина А.Ю. Василенок В.Л., Мельников К.С., Баева Д. С., Шаидов М.А., Соловьев А. К. , Гусаков Д. Б. .

Осы мәселелерге зейнетақымен қамтамасыз ету, тиімділігін арттыру мәселелеріне, қазақстандық келесі ғалымдар да еңбектерін арнаған, олар: Демидова Н.В. , Алимухамбетов Н., Д.Х. Тобатаев Ильясов К.К., Каренов Р. және т.б.

Дипломдық жобаның мақсаты –«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ дамуын және оның инвестициялық стратегиясына бағалау және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар беру.

Қойылған мақсатқа жету үшін төмендегідей негізгі *міндеттер* орнатылды:

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры дамуының теориялық негіздерімен танысу;

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қазіргі даму жағдайын талдау;

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық көрсеткіштерін талдау;

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық қызметін талдау және мәселелерін анықтау;

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық стратегиясын жетілдіру бойынша ұсыныстар беру.

Дипломдық жобаның зерттеу объектісі «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ.

Дипломдық жобаның зерттеу пәні – БЖЗҚ-ның инвестициялық стратегияларын құру әдістері мен оларды басқару жолдары.

Дипломдық жобаның командасы және жауапкершіліктері

1. Намазбек Назым — 2.2 ҚР бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық қоржынын талдау; 3.1 ҚР зейнетақы жүйесін жаңғырту жолдары.

2. Андақұл Ұлпан- 2.1 Қазақстандағы қазіргі кездегі зейнетақы жүйесін талдау; 3.2 БЖЗҚ инвестициялық қоржын сапасын арттыру жолдары.

3. Жумаканов Данияр –1.2 ҚР зейнетақы жүйесінің даму алғышарттары мен негізгі кезеңдері; 3.1 ҚР зейнетақы жүйесін жаңғырту жолдары

4. Саламатова Несібелі- 1.1 Зейнетақымен қамсыздандырудың экономикалық мазмұны мен мәні; 3.2 БЖЗҚ инвестициялық қоржын сапасын арттыру жолдары

Зерттеуге ақпараттық базасы болып -ҚР заңдары, ҚР Президентінің қаулылары, 2017-2021 жылдарға «БЖЗҚ» АҚ корпоративтік даму стратегиясы, Бірыңғай жинақтаушы қорының инвестициялық декларациясы, статистикалық және нақты мәліметтер есептелінеді.

Танымдың диалектикалық тәсілі, жүйелі талдау, экономикалық талдау теориясы, экономика математикалық әдістер және т.б. зерттеудің *теориялық және әдістемелік негізі* болды. Дәлелдемелерді талдау барысында статистикалық әдістер мен салыстыру әдістері пайдаланылды.

Жұмыстың көлемі мен құрылымы. Дипломдық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық қоржынын жетілдірудің теориялық негіздері

1.1 Зейнетақымен қамсыздандырудың экономикалық мазмұны мен мәні

Өзінің «Салықтар мен жиындар туралы трактат» атты жұмысында біріншілердің бірі болып У.Петти «жұмысқа қабілетсіз» адамдарды қолдауды, яғни өзінің жарамсыздығы салдарынан еңбек ете алмайтын, мысалы, мүгедектер және кедейлер мен жетім балалар туралы айтқан. Сол кездерде қарттарды қамтамасыз ету мемлекеттің міндеті болып табылмайтын, мемлекет тек қана жұмысқа қабілетсіз болған жағдайда және қарттық шаққа жинақ жасауға мүмкіндік беретін табыс алуға мүмкіндік беретін. Әлеуметтік қажеттіліктерге мемлекеттік шығындар туралы У.Петти былай деп жазған «... кедейлердің жалақысын шектеу әділетті емес, өйткені олар жұмысқа қабілетсіз шақтарына жинақ жасай алмайды (жұмыстың жоқтығы немесе қарттық шақтың келуі)» [2].

Классикалық мектептің өкілдері (Франсуа Кэне, Жан Батист Сэй, Адам Смит, Давид Рикардо, Томас Роберт Мальтус) мемлекеттің елдің әлеуметтік аясына араласуын қолдаған. Сонымен қатар, Д.Рикардо мемлекеттің міндеттеріне тек қана көп балалы жанұяларға, жетім балаларға көмек пен кедейлердің жағдайын жақсартуды жатқызған.

Қарттарды қолдау мемлекеттің міндеті емес деп санаған жоғарыда көрсетілген классикалық мектептің негізін қалаушыларға қарағанда неоклассицизмнің өкілдері керісінше бұл мемлекеттің ерекше құқығы деп санаған. А.Маршалл, К.Менгер, Г. Фон Шмоллер және т.б сияқты берілген мектептің өкілдері мемлекеттің қоғамдағы әлеуметтік процесстерді реттеуін қалаған. Сонымен қатар, А.Маршалл қарттарға «ең бастысы экономикалық көмек» көрсетуге болады және мемлекеттік көмек «жомарт» болу керек деп санаған.

Германия, Франция, Англия сияқты мемлекеттер кедейлерді әлеуметтік қорғау туралы мемлекеттің осындай қағидаларынан қолданыс тапты.

Осылайша, әлеуметтік сақтандыру жүйесі қоғамның экономикалық дамуының көрсеткіші болып табылады.

Макродеңгейдегі әлеуметтік қорғау жүйесінің негізі болып минималды өмірлік стандартты қолдау мен өмірді қамтамасыз етудің негізгі жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету табылады.

Халықты әлеуметтік қорғаудың құрамасының бірі болып оның зейнетақымен қамтамасыз етілуі табылады. Ол халықтың барлық қабаттарының мүддесін қамтиды, еңбек пен капитал нарығына әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар жұмыс істейтін халық ұрпақтарының арасында да

бөлініске салады. Осылайша, зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі ең күрделі және көп функционалды экономикалық жүелердің бірі болып табылады.

Зейнетақы (латынның *pensio* – төлем) – белгіленген жасқа жеткенде, мүгедектікке, асыраушысынан айырылғанда және де басқа да заңмен қарастырылған жағдайларға байланысты азаматтарға ақшалай, жүйелі түрде төленетін төлемдер. Зейнетақы төлемдері бюджеттен тыс мемлекеттік қорлар мен сақтандыру (жекеменшік зейнетақы) қорлары ретінде құрылған зейнетақы және сақтандыру қорларының есебінен жүзеге асырылады [3].

Зейнетақының екі түрлі мінездемесі бар.

Оны жұмысқа қабілеттілігін жоғалтып алған қоғам мүшесінің өмірлік қажеттілігін қамтамасыз ету мүмкіндігі ретінде қарастыруға болады. Және де зейнетақы жұмысқа қабілетсіздердің қоғамдық өндіріске жұмсаған еңбегі мөлшерінің көрсеткіші болып табылады.

Зейнетақы әлеуметтік мінез - құлқы бар ақшалай төлемдерге жатады, бірақта, сонымен қатар, оны экономикалық категорияға жатқызатын бірқатар ерекшеліктері бар [4].

Қазақстан Республикасында «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңында «зейнетақы» түсінігі туралы былай делінген: «Зейнетақы – мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің және (немесе) жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің және (немесе) еңбек сіңірген жылдары үшін және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдерінің жиынтығы» [5].

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жағдайындағы зейнетақы оларды тиімді басқару салдарынан ел экономикасын басқарудың басты тұтқасы болатын зейнетақы қорларынан төленетін төлемдер болып табылады. Қалай болғанда да зейнетақы – бұл халықты әлеуметтік қамсыздандырудың формаларының бірі.

Әлеуметтік қамсыздандыру – бұл халықтың жұмысқа қабілетсіз және қартайған мүшелерінің және де ақылы жұмыстың орындалуына денсаулығының жағдайы кедергі келтіретін тұлғалардың қоғам есебінен және қоғаммен асыраудың формалары мен түрлерінің жиынтығы [6].

Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін әдебиетте екі негізгі топқа бөлінетінін атап айтуға болады. Оларды қаржыландыру қайнар көздеріне қарай бөлінеді: бюджеттік (қорланбайтын) және сақтандырушылық (қорланатын). Бюджеттік жүйелер қаражаттарды шоғырландыруды жүргізеді (профсоюздар мен мемлекет бюджетінен, басқа да түсімдерден) және ағымдағы зейнетақыны төлеу үшін бөліп таратылады. Олар, әдетте, ақшалай түсімдердің қосымша қайнар көзін ашу үшін бос құрал-жабдықтарды қаржыландырмайды. Осы топқа мемлекеттік зейнетақы жүйелері жатады.

Мемлекеттің бюджеттен тыс қорлары қаржылық құралдардың жиынтығы ретінде жергілікті және орталық билік жүргізу органдарының қарамағында болады және мақсаттық тағайылымы бар.

Бюджеттен тыс қорлар – ол еңбек ресурстарының кеңейтілген ұдайы өндірісін қамтамасыз ету мақсатында құрылатын қорлар (ол өзіне экономика, бизнестің дамуына қажетті қолайлы моральді климаттың құрылуын, іс-әрекетіне лайық ғылыми-техникалық және әлеуметтік шарттарының өндірімін қосады), бұл халықтың белгіленген әлеуметтік топтарының пайдасына қарай мемлекеттің ұлттық табысын қайта бөлудің формаларының бірі.

Бюджеттен тыс қорлардың материалды негізін ұлттық табыс құрайды. Осыған байланысты жағдаймен қорлар екі бағытта дами алады:

- бюджеттен бөлінетін қаражат, ол құралдардың аса маңызды арнауларға бөлінуі;
- жеке табыс көзінен бөлінуі.

Қазақстандағы бюджеттен тыс зейнетақы қорларының пайда болуы әлеуметтік-экономикалық дамудың қажеттілігімен туындалды: мемлекеттік қаржылық ресурстардың бөлігін қатаң функционалды түрде оңашалау, мемлекеттік бюджетті оған тән емес табыстардан босату, оның дефицитін төмендету қажет болды [7].

Жалпы зейнетақы жүйелерінің жіктелімін келесі кестеден көруге болады (1-кесте).

1-кесте –Зейнетақы жүйелерінің жіктелімі

Жіктеу белгісі	Зейнетақы жүйесінің түрі
Зейнетақылық қамсыздандыру субъектсі бойынша	Мемлекеттік Корпоративтік Жеке дара
Нысаны бойынша	Жинақтаушы Бөлуші Аралас
Сақтандырудың болуы	Сақтандыру Сақтандырушы емес
Қамту аясы	Жалпыға ортақ Шектеулі
Қаржыландыру әдісі	Қорланбайтын Қорланатын Аралас
Қаржыландыру көзі	Мемлекеттік Кәсіби Жеке
Мақсаттары	Кедейлік деңгейінен асатын Адекваттық өмір сүруін қамтамасыз ету
Әлеуметтік қорғау институты бойынша	Беверидж моделі Жеке -корпоративтік модель Бисмарк моделі
Ескерту- [8] әдебиет көзінен алынған	

Барлық қорларға болатын жалпы талаптар құрал-жабдықтарды пайдалану туралы бұқаралық есеп беру болып табылады. Осы талаптардың барлығы да Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы қорларының ерекшеліктерін бөліп көрсетеді.

Мемлекеттік емес зейнетақы қорларының ерекше құрылымдық ерекшеліктері және олармен іске асырылатын зейнетақы төлемдерінің түрлері қызығушылық тудырады. Мемлекеттік емес қорлардың барлығы белгіленген төлемдер мөлшері бар қорлар (жоспар) мен белгіленген салымдар көлемі бар қорларға бөлінеді.

Әдетте, мұндай қорда салым көлемі жұмысшының жалақысына және оның көлемінің өзгеруіне қарай белгіленеді.

Салымы тіркелген қор ауыстырмалы болып келеді, яғни жұмысшы жұмыстан кеткен жағдайда да капитал оның меншігінде қалады.

Ауыстырмалы «ауысуға қабілетті» дегенді білдіреді, ал ауыстырмалы зейнетақы қоры (portable pension plan) – бір жұмыс берушіден екіншісіне өте алатын қор.

Қорға салымдар жасайтын фирма жұмысшы жұмыстан кеткен жағдайда төлемдер көлеміне кепілдік бере алмайтындықтан салымы тіркелген қор қатысушылары құнды қағаздар портфелінің әрекетінің төмен тиімділігімен байланысты инвестициялық тәуекелділікпен кездеседі. Бірақта, мұндай қор әдетте, барлық қатысушыларды бірдей шартқа қоятын инвестицияларды таңдауға мүмкіндік береді.

Мұндай жүйе жинақтау мерзімі кезіндегі проценттік ставканың өзгеруіне икемді әсер етуге мүмкіндік береді. Жетіспеушілігі болып зейнетақы көлеміндегі белгісіздіктің жоғарғы деңгейі табылады.

Салымдар көлемі белгіленген қорлар мынандай түрлерге бөлінеді:

- жинақтаушы қорлар (money-purchase plan): жұмыс беруші әрбір жұмысшының жалақысынан белгілі процент түрінде аударым жасайды; соңғысы қосымша салым жасай алады.

- табыстан алынатын төлемдерден құрылған қорлар (profit sharing plan): жұмысшының құқығы бар табыстың бөлігі оған беріледі, ал қалған бөлігі зейнетақы қорына өтеді (ақшалай немесе акция түрінде); бұл бөлігіне өтеулерге дейін салық салынбайды.

- жинақтаушы қорлар (trift or saving plan): жұмысшының өзі жалақысының бір бөлігін зейнетақы қорына аударады, жұмыс беруші қосымша сома аудара алады.

Алғашқы зейнетақы жинақ қоры Францияның әскери-теңіз флотының офицерлері үшін 1673 жылы құрылды. Ұлы Француз революциясы кезеңінде, 1970 жылы 30 жылдың еңбек өтілі бар, елуге келген мемлекеттік азаматтық қызметкерлердің зейнетақы алуы туралы заң қабылданды. Ал алғаш рет барлық жұмыскерге ортақ мемлекеттік зейнетақыны ресми түрде Германия канцилері Отто фон Бисмарк енгізді. Бұл 1889 жыл болатын. Кейіннен, 20 жылдан соң зейнетақы жүйесінен хабардар болған көбі өз мемлекеттеріне енгізіп жатты.

Олар: Ұлыбритания, Австралия, Америка Құрама Штаттары. Олар Германияға карағанда бұл жүйені мемлекеттеріне кеш енгізді. Яғни бұл елдер ХХ ғасырдың 30 жылдарында зейнетақы жүйесін толық кіргізді [9].

Осылайша, зейнетақы қорларының теоретикалық негізі бұл ақша құралдарын шоғырландырумен айналысатын және оларды қатысушыларға жәрдемақы мен зейнетақы төлеу үшін пайдаланатын ұйым болып табылады. Тиімді басқарылатын зейнетақы қорлары ел байлығын арттыра түседі, зейнетақы қорларының көбі экономиканы басқарудағы басты тұтқа ретінде болады. Сонымен қатар, зейнетақы - бұл халықты әлеуметтік қамсыздандырудың формаларының бірі. Зейнетақыны еңбек қабілеттілігін жоғалтып алған қоғам мүшелерінің өмірлік қажеттіліктерін қамтамасыз етудің мүмкіндігі ретінде қарастыруға болады. Және де зейнетақы жұмысқа қабілетсіздердің қоғамдық өндіріске сіңірген еңбек мөлшерінің көрсеткіші болып табылады.

1.2 ҚР зейнетақы жүйесінің даму алғышарттары мен негізгі кезеңдері

Ал Қазақстанға зейнетақы жүйесі Кеңес Одағы арқылы жетті. Ресейге бұл жүйені әкелген І Петр болатын. Бұрындары зейнетақы елге жасаған ерлігі үшін әскери шені бар адамдарға берілсе, кейіннен бұл заңға өзгертулер енгізіліп, 1918 жылдан бастап зейнетақы мүгедек жандарға берілетін болған. 1932 жылы зейнетақыға шығу уақыты: 55 жас әйелдерге, 60 жас еркектерге бекітілді. Зейнетақы жүйесі КСРО-да 1956 жылы «Мемлекеттік зейнетақылар туралы» заңымен бекітілді.

Қазақстан Республикасы – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің ішінде халықты зейнетақымен қамту реформасын жүзеге асырған алғашқы ел. Қазақстандағы зейнетақының үлгісі чилилік зейнетақы жүйесі болып табылады. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін бірыңғай зейнетақымен қамту жүйесі бұзылды. 1997 жылдың 20 маусымы - 1997 жылдың 20 маусымындағы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңы жарыққа шықты. 1998 жылы Қазақстанда зейнетақы реформа басталды. 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап барлық жұмыс істейтін азаматтар міндетті тұрғыда өз кірісінің 10 пайызын зейнетақы жинақ қорына аударады. Қазақстанның көптеген сарапшылары Қазақстандағы зейнетақы жүйесі әлемдегі үздіктердің бірі.

Қазақстанда 1995 жылдың шілдесінде алғаш еркін қазақстандық зейнетақы қоры тіркелді. 1996 жылдың қарашасы – алғашқы ұсыныстар енгізілді. 1997 жылдың ақпан-мамыр айы – алғашқы салалық құжат пен қоғамдық талқылау. 1997 жылдың мамыры – қайта қаралған нұсқа парламентке тапсырылды. 1997 жылдың маусымы - заң қабылданды. 1997 жылдың

қыркүйегі - жинақтаушы зейнетақы қоры құрылды. 1998 жылдың 1 қаңтарында үшдеңгейлі жүйе жұмыс істей бастады. 2012 жылдан бастап Қазақстанда консервативтік және бірқалыпты портфель енгізілді, салымшы – инвестициялаудың қауіпті емес деңгейін өзінің жасына байланысты таңдап алады [10].

Біздің республикамыздағы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің пайда болуынан бастап, зейнетақы қорлары бәсекелестік ортада, тұрақты бәсекелестік жағдайында дамыды. Бастапқы кезеңде бұл оң нәтижеге әкелді: әлсіз қорлар нарықтан шығып кетті, ал басқалары өздерінің ұстанымдарын нығайтып, зейнетақы нарығындағы қызметін қайта жалғастырды. Бүгінгі таңда, зейнетақы қорларының ауыр бәсекелестік кезеңі сындарлы ынтымақтастыққа жол ашады.

Бірақ, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің реформасын маңызды және оң нәтижелеріне қарамастан, оның көптеген мәселелері әлі күнге дейін шешілмей қалуда және т.б. Олардың ішінде зейнеткерлердің жинақталған зейнетақы қорларының посткеңестік кезеңде қалыпты өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету, жеткіліксіз гендерлік проблемалар, (ерлер мен әйелдер үшін зейнетақының мөлшерін, осының салдарынан түрлі өмір сүру ұзақтығы, жалақы теңсіздігі) өндірістік мүгедектік проблемалары жатады. Сонымен бірге мемлекет зейнетақымен қамсыздандыру проблемаларын жақсарту жөніндегі шараларды қарастырады.

Осы тақырыптың өзектілігі, зейнетақы активтерін басқаруды жетілдіру қажеттілігі туындағандықтан, бұл халықтың жинақталу көлемінің өсуі ғана емес, сондай-ақ экономикалық өсудің ынталандырушы факторы болып табылады. Бұл мәселе өзектілігінің бірі, тиімді қаржы құралдарының жетіспеушілігі және зейнетақы қорларының инвестициялық портфель құрамындағы шектеулері болып табылады. Зейнетақы қорының кірістілігін қамтамасыз етілетін инвестициялық портфель қандай болуы керек; зейнетақы қорларына арналған қаржы құралдарының тапшылығына байланысты проблеманы қалай шешу керек; зейнетақы қорларын басқарудағы қаржылық тәуекелдерді қалай төмендету – деген сұрақтарға жауап табу әлі де қиын болып келеді.

Өткен ғасырдың аяғында зейнетақымен қамсыздандыру проблемалары аса өткір болды. Бір жағынан, ортақ жүйеден қаржыландыруға көшудің негізгі себептері - бір жағынан, нарықтық экономиканың тетіктеріне көшу, екіншісі - 1990-шы жылдары Қазақстанға тән әлеуметтік-демографиялық факторлар. Қазақстандағы зейнетақы реформасының негізгі ынталандыруы посткеңестік экономикалық құлдырау болды, бұл әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы дағдарысты тереңдете түсті. Халықтың қартаюымен және жұмыспен қамтудың төмендеуімен жұмыссыздарды әлеуметтік қорғауға арналған ЖІӨ-ге мемлекеттік шығындар үлесі өсті. Қазақстанда бір зейнеткерге 2,5 қызметкерден келді. Еңбекке қабілетті халыққа салықтық жүктеме күрт өсті, бұл зейнеткерлерге ағымдағы төлемдер бойынша тапшылықты тудырды. Зейнетақымен қамсыздандыру реформасы басталғанға дейін олардың

алдындағы қарыз 36 миллиард теңгені құрады [9]. Қолданыстағы зейнетақы жүйесі елеулі экономикалық және әлеуметтік проблемаларға негіз болды. Осылайша, зейнетақы реформасы объективті қажеттілікке айналды.

Осылайша, жұмыс істейтін халықтың зейнетақы жүктеменің күшін азайту және болжамдық өсуін төмендету үшін, жұмыс істейтіндер мен зейнетке шыққандардың өмір деңгейінің нашарлауының алдын алу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі осы өзекті мәселелерді шешудің балама жолы ретінде зейнетақы жүйесін реформалау жүргізілді.

Жаңа зейнетақы жүйесіне бірден көшкен жоқ, себебі жинақтаушы жүйесі мен қатар ынтымақтастық жүйесі де жұмыс істеді.

Қазақстандық реформаның ерекшелігі, бұл қаржыландырылған жүйе қосымша емес, жаңа мемлекеттік емес зейнетақымен қамсыздандырудың негізгі элементі ретінде енгізілмегенін атап өту керек. Осыған байланысты үш басты күш Қазақстандағы зейнетақы реформасының бағытын анықтады. Біріншіден, зейнеткерлерді зейнетақымен қамсыздандыру мәселесін шешу керек. Реформа нәтижесінде зейнетақыны қаржыландыру тәсілі өзгерді. Адамдар мемлекеттен қаржыландырылатын әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне сене алмайтынын түсінгеннен кейін, олар жеке жинақтарын құруға кіріседі. Екінші күш жеке зейнетақы қорларын құру арқылы азаматтардың жинақ ақшалай инфляция жағдайларын сақтау және арттыру қажеттілігінен туындайды. Мұндай қорлар құрылды кезде, елдің ішкі жинақтары жұмылдырылады және экономиканың нақты салаларына бағытталады, ол үшінші нарыққа шығады, оның мәні капитал нарығы мен банк жүйелерін қайта құру қажеттігі болып табылады, сондықтан зейнетақы қорларында жинақталған капитал тиімді инвестициялануы мүмкін [11].

Зейнетақы реформасының негізгі мақсаты салымшылардың жинақталған зейнетақы қаражатын сақтау және көбейту, зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен еңбек салымын теңдестіретін экономикалық өсуді ескеретін қаржылық тұрақтылық пен әділ жүйені құру болды [12].

Зейнетақы реформасының негізгі мақсаты салымшылардың жинақталған зейнетақы қаражатын сақтау және көбейту, зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен еңбек салымын теңдестіретін экономикалық өсуді ескеретін қаржылық тұрақтылық пен әділ жүйені құру болды.

Айта кету керек, мемлекеттің зейнетақы жүйесіндегі [13] жинақтаушы зейнетақы жүйесінде мемлекеттің негізгі функциялары:

- жинақтаушы зейнетақы жүйесіне сәйкес нормативтік-құқықтық базаны жасау;
- жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуінің институционалдық саясатын әзірлеу және енгізу.

Зейнетақы реформасын жүзеге асыру нәтижесінде зейнетақы шығындарының үлесі біртіндеп төмендеді. Өз кезегінде, әлеуметтік сақтандыру бюджетінде қаржы ресурстарын жинақтауды көздейтін кіріс өсті. Зейнетақы жүйесін дамыту хронологиясы 2-кестеде қарастырылған.

2-кесте –ҚР зейнетақы жүйесінің даму кезеңдері

Жылдар	ҚР зейнетақы жүйесіне енгізілген жаңалықтар
1997 ж.	ҚР зейнетақы жүйесін реформалау үрдісінің басталуы. «ҚР зейнетпен қамтамасыз ету туралы» заңды қабылдау. Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорын (ГНПФ) құру.
1998	Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің басталуы және зейнетақы нарығының инфрақұрылымын құру.
1998-2002	ГНПФ «Жалпыға ортақ қор» тәртібінде қызмет атқарды. Егер жұмыскер таңдау жасамаған және басқа зейнетақы қорымен шарт жасамаған болса, жұмыс беруші міндетті зейнетақы жарналарын ГНПФ-ке аударатын болған.
2002	1 тамызда ГНПФ жинақтаушы зейнетақы жүйесі тарихында зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясын бірінші болып алды.
2003-2004	Зейнетақылық жарналар бойынша салымшыларға мемлекеттік кепілдік берілді. Зейнетақылық төлемдер схемасы анықталды. ГНПФ мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларымен бірдей тең құқыққа ие болды. 2005-2007 жылдарға арналған жинақтаушы зейнетақы жүйесінің даму бағдарламасы жасалды.
2006	Зейнетақы төлеу бойынша Мемлекеттік орталық (ГЦВП) құрылды. 1 ақпаннан бастап «Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ өз атауын «ГНПФ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ деп өзгертті.
2008	31 мамырда Еуропалық қайта құру және даму банкі ГНПФ акционерлерінің құрамына кірді.
2012	24 қыркүйекте «ГНПФ» зейнетақы қорына 15 жыл толды.
2013	2 шілдеде «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңы қолданысқа енгізілді. 31 шілдеде ҚР Үкіметінің №747 қаулысымен «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ құрылды. 24 қыркүйекте ҚР ҰБ жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақымен қамтамасыз ету туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қабылдау-өткізу кестесін бекітті.
2014	1 қаңтардан бастап БЖЗҚ FIAP толыққанды мүшесі болды.
2015	2015 жылғы 25 қыркүйекте ҚР «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (БЖЗҚ) Халықаралық зейнетақы және әлеуметтік қорлар қауымдастығының (ХЗӘҚҚ) толық құқықты мүшесі ретінде қабылданды.
2016	2016 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуетті құрылымдардың барлық қызметкерлері еңбек сіңірген жылдарына қарамастан республикалық бюджет арқылы зейнетақымен қамсыздандырылатын болды. 2016 жылғы 10 тамызда бұрын әскери қызметшілердің пайдасына бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналарының 50 пайызын республикалық бюджетке қайтару шаралары аяқталды.
Ескерту -БЖЗҚ Басты оқиғалар тізбегінен [14] негізінде автормен құрастырылған	

Зейнетақы жүйесін реформалаудың өткен кезеңін қорытындылай келе, зейнетақы жүйесінің әлеуметтік салаға оң әсерін тигізетіні, сондай-ақ

республика экономикасының жұмысында маңызды роль атқаратыны туралы айтуға болады. Қазіргі таңда зейнетақымен қамсыздандырудың қазақстандық моделі посткеңестік кеңістіктегі ең жақсы болып табылады.

Экономикалық даму үлгісіне қарамастан, мемлекеттің әлеуметтік дамуы зейнеткерлердің өмір деңгейіне қарай бағаланады. Әртүрлі елдерде әлеуметтік қамсыздандыру мәселесі зейнеткерлерге тікелей және тікелей міндеті бар мемлекет деңгейінде шешіледі. Қазақстанда дәйекті түрде жүзеге асырылып келе жатқан жылдар ішінде әлеуметтік-экономикалық реформалар бірқатар оң нәтижелерге қол жеткізді. Бүгінгі таңда республика зейнетақы жүйесінің өмір сүру деңгейін көтеруге мүмкіндік беретін жұмыс істейтін зейнетақы жүйесін құрды.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық қоржынын талдау

2.1 Қазақстандағы қазіргі кездегі зейнетақы жүйесін талдау

Белгілі бір жастағы еліміздің барлық азаматтарын мемлекеттің зейнетақымен қамтамасыз етуі туралы сұрақтар қызықтырады: зейнетке қалай шығу, тиесілі зейнетақы төлемдерінің мөлшерін қалай санауға болады және тұтастай алғанда зейнетке шыққан азаматтар үшін қандай мемлекеттік қолдау жүзеге асырылуда деген мәселелер ары қарайғы талдауымыздың негізі болмақ.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 28-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматына ауырған, мүгедек болған жағдайда, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негізде ең төменгі жалақы мен зейнетақыға, жасы бойынша әлеуметтік қамтамасыз етуге кепілдік беріледі [15].

Республикада зейнетақымен қамтамасыз ету "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады [5].

Зейнетақы – бұл мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің және (немесе) жасына байланысты төленетін зейнетақы төлемдерінің және (немесе) еңбек сіңірген жылдары үшін және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан, және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерінің жиынтығы.

Егер заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе Қазақстан Республикасы азаматтары, шетелдіктер және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдардың зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

Қазіргі уақытта Қазақстанда базалық, міндетті және ерікті деңгейден тұратын көпдеңгейлі зейнетақы жүйесі жұмыс істейді.

Бірінші деңгейі (базалық) – мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі (республикалық бюджет);

Екінші деңгей (міндетті) – міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен ынтымақты жүйеден (республикалық бюджет) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақылар;

Үшінші деңгей (ерікті) – ерікті зейнетақы жарналары есебінен төлемдер.

Базалық деңгейде зейнеткерлік жасқа жеткен кезде азаматтарға, сондай-ақ республиканың аумағында тұрақты тұратын адамдарға тағайындалатын және ынтымақты және/немесе жинақтаушы зейнетақы алуына қарамастан жүзеге асырылатын мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі базалық деңгейде көзделген [16].

Қазіргі уақытта базалық зейнетақы төлемінің мөлшері барлық алушылар үшін бірдей және 15 274 теңге құрайды. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін алушылар 2 млн. адам.

2018 жылғы 1 шілдеден бастап Жолдауды жүзеге асыруда оны тағайындау әдістемесі өзгерді. Ол зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты тағайындалады.

Жаңа базалық зейнетақы тағайындау механизмі мынадай болады:

Оның мөлшері зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 және одан кем жыл немесе оның болмаған кезінде ең төменгі күнкөріс деңгейінің (ЕТКД) 54%-на тең болады, 10 жылдан асқан кезде әрбір жыл үшін оның мөлшері 2%-ға ұлғайтылады да өтіл мерзімі 33 және одан көп болған жағдайда ол ең төменгі күнкөріс деңгейіне тең болады.

10 жылдан асқан кездегі әрбір еңбекпен өтелген жыл үшін базалық зейнетақы 2%-ға ұлғайтылады. Мысалы, еңбек өтілі 20 жыл – базалық зейнетақы ЕТКД-ң 74%, 30 жыл жұмыс істегенде – базалық зейнетақы – ЕТКД-ң 94%, 33 жыл және одан астам жыл базалық зейнетақының мөлшері ЕТКД-ң 100% құрайды.

Бұл ретте, зейнетақы жүйесіне қатысудың өтілінде келесі қамтылады:

- 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбекпен өтелген еңбек өтілі,
- жинақтаушы өтілі (1998 жылғы 1 қаңтардан кейін нақты зейнетақы жарналарын төлеу өтілі);
- өзге де әлеуметтік-маңызды кезеңдер (3 жасқа дейін бала күтімі, 16 жасқа дейінгі бала кезінен мүгедек болу, әскери қызметшілері, арнайы мекемелер қызметкерлері, дипломатиялық қызметкерлер және т. б. жұбайларының тұру уақыты).

Базалық зейнетақы тағайындаудың жаңа әдістемесі әлеуметтік әділеттілік қағидасына сәйкес келеді, өйткені тек зейнеткерлердің материалдық жағдайын жақсартуға ғана мүмкіндік бермей, азаматтарды еңбекке ынталандыруды және олардың еңбек қатынастарын заңдастыруды күшейтуге қызмет етеді. Яғни, адам қаншалықты ұзақ жұмыс істесе – соншалықты оның зейнетақысы көбірек болады (жинақтаушы да, базалық та).

Бұл жаңалық болашақ және бүгінгі зейнеткерлерге қатысты болады, олардың базалық зейнетақысы 2018 жылғы 1 шілдеден бастап қайта есептеледі.

Екінші деңгей (міндетті) – бұл:

1) 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалыптастырылған еңбек өтіліне байланысты республикалық бюджет есебінен төленетін ынтымақты зейнетақылар;

2) қызметкерлердің жинақталған зейнетақы қаражаты есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан (бұдан әрі – БЖЗҚ) төлемдер.

Жасына байланысты ынтымақты зейнетақыны тағайындау кезінде еңбек өтілі тек 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін ғана есепке алынады, өйткені осы күннен бастап барлық жұмыс істейтін адамдардың міндетті зейнетақы жарналарының

бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударылуын көздейтін жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көшу басталды.

Заңға сәйкес жасына қарай зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыстағы үзілістерге қарамастан кез келген қатарынан 3 жыл үшін орташа айлық табысқа негізделіп жүзеге асырылады. Бұл ретте 1998 жылғы 1 қаңтардан басталатын мерзім үшін орташа айлық табыс мөлшері БЖЗҚ-на міндетті 10 пайыздық зейнетақы жарналары жүзеге асырылған табысқа сәйкес орнатылады.

Аталған проблемалардың туындауының басты алғы шарты БЖЗҚ-ның Инвестициялық Декларациясында инвестициялық қоржын құрамына жаңа қаржылық құралдарды енгізуге жол берілмеуінде.

Осылайша, қазіргі уақытта осы саладағы ең үздік әлемдік тәжірибені пайдалана отырып, осы инвестициялық қызметтің барлық аспектілерін одан әрі тереңдете және егжей-тегжейлі талдау негізінде оларды шешуді талап ететін БЖЗҚ-ның инвестициялық қызметінің көптеген проблемалық бағыттары бар.

3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының даму болашағы мен инвестициялық стратегиясын жетілдіру

3.1 ҚР зейнетақы жүйесін жаңғырту бағыты

Қазақстан Ұлттық банкі қазіргі әртараптандырылған зейнетақы жүйесі моделін ең сенімді әрі мемлекеттің де, зейнетақы алушылардың да мүдделеріне сәйкес келетін модель деп есептейді. Дегенмен де реттеуші зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру, тәуекелін кеміту және салымшыларға қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында зейнетақы жүйесін жаңғыртуды ұсынады.

Қазақстанның зейнетақы жүйесін жаңғырту қажеттілігі, бірінші кезекте, ортақ зейнетақы алуға құқығы бар азаматтар санының азаюына байланысты болды. Жыл өткен сайын 1998 жылға дейін еңбек өтілі болмаған адамдар зейнеткерлікке көптеп шыға бастайды. Әрине, бұл құрауыш басқа қаржы көздерінен – жинақтаумен, шартты-жинақтаумен, ерікті, зейнетақымен қамсыздандыруға жауапкершілікті мемлекет, жұмыс беруші және жұмыскер арасында бөлуді оңтайландырумен алмастыр-уды талап етеді. Осы нәрселердің барлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылы айтылған «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы ескеріле отырып әзірленген тұжырымдамада көрсетілген [25].

Бірінші кезеңде (2016-2020 жылдар) құқықтық негізі қалыптастырылып, зейнетақы жүйесін жаңғыртудың бірінші кезектегі шараларын іске асыру қамтамасыз етілуі қажет. Дәл осы кезеңде шартты-жинақтаушы құрауыш әзірленіп, енгізілетін болады, зейнетақымен қамсыздандырудың ең төменгі кепілдіктерінің жүйесі, зейнетақы төлемдерін жүргізу тәртібіне және мемлекеттік кепілдіктер институтына қатысты жинақтаушы зейнетақы жүйесінің өлшемдері жетілдіріледі. Осы кезеңдегі міндеттердің бірі – халықты зейнетақы жүйесінің қызметтерімен қамтуды кеңейту [26].

Бірінші кезең зейнетақы жүйесін модернизациялау бойынша бастапқы шараларды іске асыру үшін құқықтық негіз құруға бағытталған:

2017 жылдың 1 шілдесінен – зейнетақылық қамсыздандырудың ең төменгі кепілдемесін жетілдіру:

Зейнеткерлік қамтамасыз ету жүйесінде 10 жылдан кем емес еңбек өтілі бар тұлғалар үшін ең төменгі күн көріс шамасының 50% мөлшерінде әлеуметтік зейнетақыны енгізу

Зейнеткерлікпен қамтамасыз ету жүйесінде 10 жылдан жоғары еңбек өтілі бар тұлғалар үшін базалық зейнетақыны әр жыл сайын 2% өсіру;

Зейнетақы алып жүргендер үшін ынтымақтасты, сондай ақ жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі еңбек өтілдерін ескере отырып базалық зейнетақыларын қайта есетеу;

2018 жылдан бастап – зейнетақының шартты жинақты компонентіне өту:

Жұмыс берушілердің өз қызметкерлері үшін оның табыс көлемінен қосымша 5% төлеуі. Мұндай төлемдер Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорларында ашылған жеке дара шоттарында көрініс табады және бұл төлемдер шартты болып келеді, яғни мұрагерлікке қалмайтын тұлғаның меншігі болып табылмайды. Мұндай компоненттегі төлемдер жеке тұлғаның зейнеткерлік жасына жеткенінше өмір бойы жүргізіледі;

Осы жылдың тағы бір жаңалығы-автоматты режимде жеке зейнетақы шотын (АҚЖ) ашу. 2019 жылдың 8 қаңтарынан бастап жеке тұлға ИПЖ ашу үшін БЖЗҚ-ға жеке шот ашу туралы өтінішпен жүгінудің қажеті жоқ, бұл бірінші жарна түскен кезде БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде автоматты түрде жүргізіледі [27].

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап республикада бірыңғай жиынтық төлем енгізілді, ол бір жолғы 4 міндетті төлемді алмастырады:

- жеке табыс салығы;
- БЖЗҚ - дағы міндетті зейнетақы жарнасы;
- міндетті әлеуметтік аудару және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына (МӘСҚ);
- әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына әлеуметтік жарна.

Сонымен қатар, 2019 жылдың 25 қаңтарынан бастап электрондық үкімет порталы арқылы жеке зейнетақы шотының жағдайы туралы ақпаратты алу оңайырақ болды. Осы күннен бастап кез келген салымшы (алушы) жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірмені электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен ғана емес, сонымен қатар mGov мобильдік азаматтар базасында тіркелген салымшының (алушының) ұялы телефон нөміріне сұрау жіберілгеннен кейін келетін бір реттік sms-паролін қолдана отырып ала алады.

2019 жылдың ақпанында "Е-нотариат" жүйесін БЖЗҚ ақпараттық жүйесімен ықпалдастыру іске асырылды. Енді "Е-нотариат" бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйесінің көмегімен нотариустар БЖЗҚ-ға қайтыс болған салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-да жеке зейнетақы шотының болуы туралы, ондағы ақшаның қалдығы мен қозғалысы туралы жазбаша сұрау салуларды жібермей-ақ, онлайн режимінде БЖЗҚ-ға сұрау сала алады.

Жинақтаушы зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін жетілдіру:

Қызметкерлердің табыстарынан міндетті аударымдарын 10% мөлшерінде сақтап, БЖЗҚ инвестициялық процесін жетілдіру. Ең басты жаңашылдық зейнеткерлік жинақты шешіп алу принципіне шектеулер енгізуде, сондай ақ міндетті зейнетақылық жарналардың сақталымдығы бойынша мемлекеттік кепілдік беру тәртібін орнату болды;

Екінші кезеңде (2020-2030 жылдар) жаңғыртылған зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру және салымшылар мен зейнетақы төлемдерін алушылардың құқықтарын қорғау тетіктерін одан әрі жетілдіру жөнінде шаралар қабылданатын болады. Осының бәріне зейнетақы мөлшерінің есептелетін жарналармен өзара байланысын күшейту есебінен, олардың тұрақты түрде есептелумен және салымшының жүйеде болу уақытымен,

базалық зейнетақы төлемінен мемлекеттік кепілдікті беру тетігін оңтайландыруға мүмкіндік беретін ең төменгі кепілдік берілген зейнетақыға өтуді қоса алғанда, зейнетақымен қамсыздандырудың ең төменгі кепілдіктері институтын одан әрі жетілдірумен қол жеткізу жоспарланып отыр. Зейнетақы төлемдерінің барабарлығы және теңгерімді қаржылық-орнықты зейнетақы жүйесін құру, халықаралық стандарттармен қабылданған жоғалған жалақының кемінде 40 пайызы деңгейіндегі (қазір бұл көрсеткіш шамамен 30 пайызы (2015 жылы – 30,9 пайыз, 2016 жылы – 29,8 пайыз) жиынтық зейнетақы төлемдерімен ауыстыру коэффициентін 2030 жылға дейін қамтамасыз ету, 2030 жылға қарай жинақтаушы зейнетақы жүйесімен еңбекпен қамтылған халықтың 80 пайызға дейін қамтуды кеңейту тұжырымдаманы іске асыру мақсаты болып табылады. БЖЗҚ-ның тұжырымдама шеңберіндегі негізгі міндеттері – үздіксіз жұмысты, зейнетақы жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету, халықты міндетті де, ерікті зейнетақы жүйесімен қамтуды кеңейту, зейнетақы қызметтерінің қолжетімділігін және сапасын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп зейнетақы активтерін инвестициялық басқарудың ашықтығын арттыру және болашақта салымшылардың өз активтерін басқарушы компаниялар арқылы инвестициялауға біртіндеп тарту.

Қазақстанда зейнетақы жинақтарының сақталуына мемлекет тарапынан кепілдік берудің бірегей үлгісі бар [28]. Осы үлгіге сәйкес «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңының 5-бабының негізінде төлемге құқық туындаған кезде әрбір алушыға инфляция деңгейі ескерілген нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) сомасы мен олардың жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырманы төлеу сомасы жеке-жеке есептеледі. Зейнетақы активтері ұзақ кезеңге инвестицияланады және қысқа мерзімде инвестициялық кіріс аламын деп қарау дұрыс емес.

Қазақстанның қазіргі зейнетақы жүйесі моделін бағалай отырып, бұл зейнетақы жүйесі моделінің халықаралық ең үздік тәжірибеге сәйкес келетіндігін сеніммен айтуға болады. Зейнетақы жүйесін реформалауда Қазақстан Швеция, Германия, Норвегия, Чили және басқа жаңа жинақтаушы компоненттер енгізу қажеттілігі туындаған елдер тәжірибесін пайдаланды [29].

Зейнетақы жүйесінің көпдеңгейлі моделі табысты қызмет етіп келеді және тандаудың дұрыс жасалғандығын дәлелдеді. Сондықтан да зейнетақымен қамтамасыз етудің әртараптылығы принципін сақтау ғана маңызды емес, сонымен қатар оны әрі қарай дамытуды жалғастыру да маңызды.

Зейнетақы активтерін басқару жеке басқарушы компаниялар арқылы жүзеге асырылады деп болжануда. Бәсекелі ортада жұмыс істеу басқарушыдан көбірек инвестициялық табысты талап ететін болады, өйткені олардың бәсекелестік артықшылығы табыстылық деңгейі және қаржылық құралдар сапасы болып табылады. Зейнетақы активтерін инвестициялау мемлекеттік органдар тарапынан қатаң бақылаумен жүзеге асырылатын болады.

Салымшылар зейнетақы активтерін басқару үдерісінің тиімділігін өздіктерінен бағалай алады және ең табысты басқарушы компаниялар мен инвестициялық стратегияларды таңдау мүмкіндігіне ие.

Жеке басқарушыларды тарту зейнетақы активтері портфелін әртараптандыру, активтерді басқаруға байланысты тәуекел деңгейін төмендету бойынша жүргізілген жұмыстардың бір бөлігі болып табылады. Сонымен қатар бұл халықаралық қаржы нарығында активтерді инвестициялық басқару тәжірибесін қолдануға мүмкіндік береді. Зейнетақы жинақтары жүйесін басқарудың болашақтағы реформасының концепциясы Қазақстан Республикасының Үкіметімен талқылануда.

Біз ұсынылған реформаны жүзеге асыру зейнетақы қызметтері нарығындағы оң өзгерістерге ықпал етеді, салымшыларға қызмет ету сапасын жақсартады және отандық қор нарығын активтендіруге күш береді деп күтеміз.

БЖЗҚ зейнетақы және жеке зейнетақы шоттары көлемін есепке алу орталығы болып қала береді. Сонымен қатар ол жинақтаушы зейнетақы жүйесінің тұрақтылығы бойынша актуарлық есептер жүргізеді және сол есептер негізінде жүйені дамытуға өз ұсыныстарын айтады. Активтерді басқаруға үміткер компанияларға қатаң талаптар қойылады, ол талаптар ең алдымен тиімсіз басқару жағдайындағы жауап беретін жеке капиталына қатысты. Сондықтан нарықта басқарушы компаниялар көп болмауы мүмкін. Зейнетақы активтерін басқарушы компаниялар зейнетақы активтері бойынша табыстылық деңгейі Ұлттық банк бенчмаркы белгілеген деңгейге сәйкес болуы тиіс. Егер компания белгіленген табыс деңгейіне жете алмаса, жете алмаған айырманы өз қаржысы есебінен толтыруға міндетті. Зейнетақы активтерін басқарушы компаниялар өзар үш критерий бойынша бәсекеге түседі: табыстылық деңгейі, қаржылық инструменттер сапасы, алынатын комиссия мөлшері.

Ұлттық банк өз кезегінде басқарушы компаниялар пайдасына таңдау жасамаған салымшылардың зейнетақы активтерін басқаруды және консервативті инвестициялық стратегия бойынша зейнетақы жасындағы және зейнетақы алдындағы жастағы тұлғалар жинақтарын басқаруды жалғастыратын болады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ұсынылған реформалау моделі:

біріншіден, жеке зейнетақы жинақтарын басқарудағы мемлекет мүддесімен келісімге келмей қалуды жоққа шығарады;

екіншіден, зейнетақы активтерін және инвестициялық стратегияларды басқаратын компанияны таңдау арқылы салымшыны өз зейнетақы жинақтарын басқаруға тартуға мүмкіндік береді;

үшіншіден, қор нарығы да жанданады.

Кез келген моделдің мықты және әлсіз тұстары болады, белгілі бір мәселелерді шешуге бағытталады. Әртүрлі компоненттерден зейнетақы төлеуді қарастыратын зейнетақы жүйесінің әртараптандырылған моделі зейнетақы жүйесінің түрлі компоненттерінің мықты және әлсіз тұстары арасындағы тиімді

баланс табуға мүмкіндік береді және бір компоненттің кемшілігін басқа компоненттің артықшылығы есебінен өтейді.

Көптеген Европа елдері сияқты Қазақстанда халықтың қартаюы мәселесі туындап отыр, жыл сайын зейнеткерлер саны өсуде, ал жұмыс істейтін азаматтар саны жай өсуде. 90-жылдарда экономикалық белсенді тұрғындардың зейнеткерлерге қатысы 1: 1,8 –ден келсе, қазіргі кезде жағдай айтарлықтай ілгерілемеген, Әлемдік банк мәліметтері бойынша 2015 жылы Қазақстанда аталған қатынас 1: 2,2-ден келді.

Сондықтан зейнетақы жүйесіндегі тек ынтымақтастық компонентінің болуы зейнетақы жасын арттыруды немесе салықты арттыруды, немесе екеуін де бірдей арттыруды талап етеді.

Белгілі жарна жүйесі принципі бойынша құрылған жинақтаушы компоненттің ынтымақтастық жүйесінен айырмашылығы - қаржылық тұрақтылығы болып табылады. Салымшылар өздері еңбек еткен жылдар бойы еңбек ақыларынан төлеген зейнетақы жарналары мен инвестициялық табыс есебінен қанша ақша жинаса, сонша ақша алады. БЖЗҚ –дан төлемдер салымшының шотындағы қаржы таусылғанша жүзеге асырылады. Әрбір салымшының зейнетақы жинағы мен төлем көлемінің қатынасы төмендегі жағдайларға байланысты:

- 1) оның жүйеге қатыстылығының ұзақтығына,
- 2) жүйеге енгізілген зейнетақы жарнасының санына,
- 3) жиналған инвестициялық табысқа,

4) еңбек ақының өсу қарқынына. Сондықтан да 1997 жылы белгіленген жарнасы бар жинақтаушы компонент Қазақстанның зейнетақы жүйесіне енгізілген болатын. Қазақстанның зейнетақы жүйесі тұрақты болуы үшін зейнетақы төлеу көздерін әртараптандыру принципін ұстану қажет, ынтымақтастықты компонент үлесін бірте – бірте азайта отырып, зейнетақы төлеудің жаңа көздерін енгізу қажет. Бұл қазіргі таңда жүзеге асырылып жатыр.

ҚР Зейнетақы жүйесін ары қарайғы жаңғырту аясында келесілерді жүзеге асыру қажет [30]:

- Үздік тәжірибе стандарттарына сәйкес сапалы қызмет көрсету

- 1) Зейнетақы қызметтеріне бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- 2) Зейнетақы қызметтерінің белгіленген стандарттарын сақтау;

3) Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың біріктірілген жүйесін ары қарай дамыту үшін сапа менеджменті жүйесінің стандарттарына Қордың бизнес-үдерістерін сәйкестендіру

- Қазақстан Республикасы халқының зейнетақы жинақтарын жоспарлау мәдениетін дамыту:

1) Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы халықтың қаржылық-құқықтық сауатының деңгейін көтеру;

2) БЖЗҚ-ның позитив бейнесін қалыптастыру арқылы жинақтаушы зейнетақы жүйесіне деген халық сенімін нығайту;

- 3) Дербес зейнетақы жоспарлары мәдениетін қалыптастыру;
- 4) Ерікті зейнетақы жоспарларын дамыту;

Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесін ары қарай дамыту бағыттары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын іске асыру:

- 1) БЖЗҚ-дан ай сайынғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға өту;
- 2) Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің шартты-жинақтаушы құрамдауышын – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын төлеуді бақылауда ұстау;
- 3) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен камсыздандыру туралы шарт аясында Құзыретті орган ретіндегі БЖЗҚ қызметтерін жүзеге асыру

3.2 БЖЗҚ инвестициялық қоржын сапасын арттыру жолдары

Жоғарыда жасалған талдаулардан қортынды бойынша зейнетақы қоржының құрамында мемлекеттік бағалы қағаздар үлесінің жоғарылығы, кірістілігі жоғары акцияларға емес, борыштық бағалы қағаздардың үлесінің көптігі, шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздарының аздығы екендігін айта кеткенбіз. Айналып келгенде зейнетақы активтерінің кірістілігінің жеткілікті деңгейде болмауы. Аталған проблемалардың басты себебі БЖЗҚ-ның Инвестициялық Декларациясында инвестициялық қоржын құрамына жаңа қаржылық құралдарды енгізуге жол берілмеуінде.

Айта кетейік, бүгінгі таңда «Қазақстан Республикасында зейнетақымен камсыздандыру туралы» ҚР заңының 35 бабына сәйкес БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін Ұлттық банк сенімгерлікпен басқарып отыр. Қаржы реттеушісінің осы құзіретін халық қалаулылары 2013 жылы заңмен бекітіп берген. БЖЗҚ-ғы зейнетақы жинақтарының басқару тиімділігін арттыру, инвестициялау бағыттары мен қаржы құралдарының тізбесін айқындау бойынша ұсыныс әзірлеу қызметі 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңеске жүктелген. Кеңес құрамына Ұлттық банк, есеп комитеті, сенат пен мәжіліс төрағалары және қаржы-экономикалық блоктың министрлері енген. БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқару жөніндегі кеңес Ұлттық банктің консультативтік-кеңесші органы болып табылады. Оның құрамына үкіметтің, парламенттің, Ұлттық банктің екі-екі өкілі және БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқару жөніндегі кеңес мүшелерінің жалпы санының 30%-нан саны кем болмайтын тәуелсіз сарапшылар топтасқан. Зейнетақы активтері сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарына ғана инвестицияланады. Ал олардың тізбесі жыл сайын үкімет қаулысымен бекітіледі. Бұл БЖЗҚ-ның зейнетақы активтері көпдеңгейлі жүйе арқылы басқарылып отыр деген сөз [31].

Осы жағдайларға орай, 2018 жылдан бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы (БЖЗҚ) зейнетақы активтері жеке компаниялардың басқаруына

берілу процесі басталды. Осылайша біз кезінде өзіміз бас тартқан жүйеге қайта ораламыз. Атап көрсетерлігі басқарушы компания отандық немесе шетелдік болуы мүмкін.

Қазіргі уақытта БЖЗҚ-дан жеке басқарушы компанияларға \$220 млн (зейнетақы портфелінің 0,88%) берілді. Бұл мәміле 2018 жылдың наурыз айында жүзеге асырылды, қаражат Aviva Investors «дамушы нарықтардың жаһандық облигациялары» мандаты бойынша берілді. Аталған мандат шеңберіндегі эталондық портфель Латын Америкасына, Шығыс Еуропаға, Оңтүстік-Шығыс Азияға және басқа елдерге қатысты "BB" - дан төмен емес рейтингі бар дамушы елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарының 250-ден астам шығарылымдарын қамтитын индекс болып табылады.

Ұлттық Банкте тартылған шетелдік басқарушы компаниялардың жоғары несиелік мәртебесі және зейнетақы активтерін инвестициялау болжанатын қаржы құралдарымен жұмыс істеу тәжірибесі бар деп сендірді. Шетелдік басқарушыларды іріктеу кезінде басқарудағы активтердің мөлшері, қаражатты жүргізудің оң Тарихи нәтижелері, тәуекелдерді басқару жүйесі және бақылау рәсімдері және комиссия деңгейлері сияқты факторларға ерекше назар аударылады.

Біздің ойымызша, шетелдік басқарушы компанияларды тарту шетелдік басқарушы компаниялардың тәжірибесін, талдау материалдарын, зерттеулері мен техникалық ресурстарын пайдалану арқылы инвестициялық әлеуетті арттыруға мүмкіндік береді, соның салдарынан БЖЗҚ зейнетақы активтерінің ұзақ мерзімді кезеңдегі жалпы кірістілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жалпы, Ұлттық банк зейнетақы активтерінің валюталық бөлігін жаңа стратегиялық бөлу аясында реттеуші шетел валютасында номинацияланған зейнетақы активтерінің бір бөлігін дамушы және дамыған елдердің акциялары мен облигациялар индекстеріне индексстеу үшін шетелдік басқарушы компанияларды тарту бойынша жұмыс жүргізуде.

Осылайша, БЖЗҚ инвестициялық декларациясында үш индекс көзделген:

- акциялар индексі (MSCI World Index), оның құрамына дамыған елдерге жататын жоғары және орташа капиталдандырылған компаниялардың акциялары кіреді;

- "BB" төмен емес рейтингі бар, доллармен номинацияланған дамушы елдердің облигацияларын қамтитын мемлекеттік бағалы қағаздар индексі;

- жоғары капиталдандырылған және "BBB -" төмен емес рейтингтік бағасы бар дамыған және дамушы елдер эмитенттерінің доллармен номинацияланған облигацияларынан тұратын корпоративтік бағалы қағаздар индексі.

БЖЗҚ-ның сыртқы сенімгерлік басқаруға берілетін зейнетақы активтері Ұлттық Банктің кастодиан банктегі шоттарында сақталады. Тиісінше, активтерді шетелдік басқарушы компанияларға басқаруға беру деп қаражаттың нақты аударылуы емес, ал осы компанияларға реттеуші белгілеген

инвестициялық шектеулер шеңберінде активтерді басқару бойынша өкілеттіктер беру кез келген сәтте шартты бұзу құқығымен түсіндіріледі [30].

Активтерді басқару бойынша компания дегеніміз не екендігін және олардың зейнетақы қорларына қатысы бар екендігін қарастырайық.

PwC аналитиктерінің мәліметтері бойынша, 5 жыл бұрын зейнетақы қорларының ақшасының 36,6%-ына иелік еткен. PwC болжамы бойынша, активтерді басқару компанияларында 2020 жылға қарай клиенттердің 100 трлн. доллары басқаруында болады.

10-кесте –Зейнетақы қорларындағы жинақтары өсу болжамы (трлн. \$)

Инвестиция нарығының ойышылары	2004	2007	2012	2013	2014	2015	2020
Зейнетақы қорлары	21,3	29,4	33,9	35,8	38,7	38,2	56,5
Сақтандыру компаниялары	17,7	21,2	24,1	26,1	26,2	27,1	35,1
Тәуелсіз әл-ауқат қорлары	1,9	3,3	5,3	6,1	6,3	6,7	8,9
Байлығы 1-30 млн \$ болатын адамдар	37,9	50,1	52,4	29,2	69,6	67,8	76,9
Айлық табысы 5000\$ болатын сыйақылық клиенттер	42,1	55,8	59,5	64,2	67,2	62,5	100,4
Инвестициялық активтердің жиынтық көлемі	120,9	159,8	172,2	191,4	206	202,3	277,8
Зейнетақы қорларының үлесі	17,6%	18,4%	19,7%	18,7%	18,8%	18,9%	20,3%
Ескерту -[30] әдебиет көзінен алынған.							

Зейнетақы қорлар мен сақтандыру компаниялары институционалдық инвесторлар ретінде инвестициялық шешімдер қабылдауға көмектесетін мамандандырылған компанияларды тартады.

Капиталдың өсуі

Әлемде Зейнетақы қорларының активтері 2004 жылдан 2012 жылдың аралығында 21,3 трлн. доллардан 40 трлн. долларға өсті. Сарапшылардың айтуы бойынша олар жылына 6,6%-ға өсіп, 2020 жылға қарай 56,5 трлн. долларға жетеді.

40 трлн. долларға қарағанда 20 трлн. долларды инвестициялап мақсатты табыстылыққа жеткен жеңілірек. Активтер өскен сайын оларды инвестициялау да қиындай түседі.

Дамушы елдердің зейнеақы қорларында ауқымды сома жиналуда, себебі ол елдердің үкіметі зейнетақы жүйесіне бүкіл жұмыс істеушілерді тартуда. Жаңа зейнетақы активтерінің Латын Америка және Азиялық Тынықмұхиттық аймақтарда жылына 9% күрт өсуі күтілуде. АҚШ пен Еуропада бұрынғысынша зейнетақы активтерінің ірі пулы шоғырланады 2020 жылға — 30 трлн. доллардан жоғары, ал Солтүстік Америкада 14 трлн. долларға жуық.

Активтерді басқару индустриясы банктік және сақтандыру саласының көлеңкесінде қалуда. Бірақ 2020 жылдан ары активтерді басқару көлеңкеден шығады.

Дәстүрлі түрде банктер қаржы нарығында үстемдікке ие және новаторы болып келеді, ал сақтандыру компаниялары ақша ағымдары бойынша ілесе жүреді, сондықтан да өздерінің жеке активтерді басқару бойынша бөлімшелерін құратын.

PwC талдаушыларының болжамы бойынша деморграфия мен нарықтың өзгеруінен 2020 жылдан ары банктер мен сақтандыру компанияларының әсері азайып, активтерді басқару сала ретінде бөлініп шығады.

Жаһандық қаржылық дағдарыстан кейін реттеу банктер мен сақтандыру компанияларының инвестициялық қызметтеріне кедергі келтіріп, қиындата түседі және жеке инвестицияларынан, профильді емес кәсіпорындардан бас тартуға мәжбүрлейді.

Капитал құнының өсуі айтарлықтай деңгейде банктер мен сақтандырушылардың капитал ұсыну мүмкіндіктерін қысқартады. PwC талдаулары бойынша, тек еуропалық банктердің өздері капитал жетіспеушілігін 380 млрд. долларға сезінеді. Бұл өз кезегінде әлемдік экономиканың жандануында активтерді басқару компаниялары «басты тетік» ретінде маңызды рөлге ие болатынын көрсетеді.

Уақыт өте келе адамдардың ұзақ жасауы критикалық мәселеге айналады. Қазіргі уақытта ұзақ өмір сүру «алаңдатушылық тудырады» ал 2050 жылға қарай әлемдегі қарт адамдардың коэффициенті 2010 жылмен салыстырғанда 11,7%-дан 25,4%-ға жетеді.

Бұл дегеніміз, активтерді басқару компаниялар ұзақ мерзімдік жинақтауға басты назар аударатын білдіреді. Өмір ұзақтығының өсуіне орай бір мезетте денсаулық сақтауға кететін шығындар да өсетінін, ал басқарушы компаниялардың клиенттерінің денсаулық сақтау қызметтерін ақысына үнемдеу жасауына тура келеді.

Активтерді басқарушылар урбанизация мен трансшекаралық сауда өсімінен капитал тартуда маңызды ойыншыға айнала алады.


2010 жылмен салыстырғанда 2050 жылға қарай қалада өмір сүретін адамдар саны 75%-ға өседі. 2025 жылға қарай миллиндық 23 қалаға (халық саны 10 млн. адамнан асқан) тағы 14 қала қосылады. Сонымен қатар, олардың

12-сі дамушы елдерде болады. Қала тұрғындарының өсімі инфрақұрылымның дамуын талап етеді. Сәйкесінше, қалаларды урбанизациялауға, қалалық инфрақұрылымды дамытуға шығындар, инвестициялар өседі, болжамды түрде 40 трлн. долларды құрайды.

Инфрақұрылымға үлкен инвестициялар дамушы елдерде күтілуде. Дамушы елдер дамыған елдерге қарағанда жол, ауруханалар, мектептер, қоймалар, жылжымайтын мүлікке инвестиция талап етеді. Ал басқарушы компаниялар зейнетақы активтерін осындай инфрақұрылымға инвестиция сала отырып, өз клиенттерінің ұзақмерзімдік табыстылығын қамтамасыз етеді.

Жоғарыда айтылғандады ескере отырып, Ұлттық банк қазақстандық салымшылардың зейнетақы қаражатын инвестициялау стратегиясын таңдау мүмкіндігі беру үшін тұжырымдаманы әзірлеуде және зейнетақы активтерін басқару жүйесін реформалау жөнінде ұсыныстар әзірлеуде. Жаңа жүйе салымшыға оның зейнетақы жинақтары берілетін басқарушы компанияны дербес таңдау құқығын беруді көздейді. Бұл ретте ақталмайтын салымшылардың активтерін басқаруды Ұлттық банк жүзеге асырады.

Біздің ойымызша, зейнетақы активтерін басқару жүйесін реформалаудың келесідей нұсқасын ұсынуға болады.



6-сурет –Зейнетақы активтерін басқару жүйесінің жаңа моделі
Ескерту -Авторлармен құрастырылған

Бұл жүйеде бірнеше институт өзара іс-қимыл жасайды.
БЖЗҚ бірыңғай есеп орталығы болады;

ЗАБК – бұл жеке лицензиялар негізінде зейнетақы активтерін басқару жөніндегі қызметтің айрықша түрін жүзеге асыратын жеке басқарушы компаниялар; басқарушы компаниялар;

КҚ – инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары;

ӨСК-өмірді сақтандыру жөніндегі компаниялар;

Тұжырымдамаға сәйкес, компаниялар қаржы реттегішінің тиісті лицензиясы негізінде инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын болады. Және компаниялар үшін қызметтің бұл түрі ерекше болады [31].

Лицензия алу үшін аталған компанияларға өз капиталының жеткіліктілігі, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі, тиісті жұмыс тәжірибесі бар білікті қызметкерлердің болуы және т.б. сияқты жоғары талаптар қойылады. Зейнетақы активтерін басқаруға қойылатын талаптарға сәйкес келетін барлық басқарушы компаниялар қатыса алады.

Өз кезегінде, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) бұрынғысынша бірыңғай есеп орталығы және барлық зейнетақы шоттарының әкімшісі, сондай-ақ "бір терезе" қағидаты бойынша салымшыларға қызмет көрсету бойынша бірыңғай байланыс орталығы қызметін жүзеге асыратын болады.

ҚР ҰБ -басқарушы компанияны, зейнеткерлік және зейнеткерлік алдындағы жастағы тұлғаларды, сондай-ақ зейнетақы жүйесінің шартты-жинақтаушы компонентінің зейнетақы активтерін таңдамаған салымшылардың активтерін басқарушы.

Ұлттық Банктің пікірінше, зейнетақы активтерін жеке басқаруға берудің бірнеше үлгісі бар [32]:

- мандаттар бойынша, барлық салымшылар әрбір мандатта, яғни әрбір ЗАБК бірдей үлеске ие болады;

- салымшының таңдауы бойынша: портфельдің құрылымы және инвестициялық кірістілігі болашақта салымшының жинақталымы кімнің басқаруында болуына және жинақтарды бір ЗАБК екіншісіне аудару тарихы қандай болуына байланысты болады.

Біздің ойымызша, бір уақытта екі схеманы пайдалану қиын болады.

Ұлттық банк мандат жүйесіне емес, ЗАБК бейім. Бұл пікірлер ҚР ҰБ презентациясынан алынған тезиспен расталады: «мандат жүйесі DC (Defined Contribution) жүйесінің негізгі принциптеріне қайшы келеді – зейнетақы активтерін басқарушыны таңдау құқығы Ұлттық банк немесе БЖЗҚ атынан мемлекет үшін емес, салымшы үшін болуы тиіс».

Зейнетақы активтерін басқарушы компанияға қойылатын басты талап капиталдың жеткіліктілігі болуы тиіс. Қазіргі инвестициялық нарыққа қатысушылар "ВСС Invest" АҚ, "Цесна Капитал" АҚ және "Астана-Инвест "ИД" ақ капиталдандыруы мүмкін.

Бүгін банктік және банктік емес инвестициялық компаниялардың

ҚОРТЫНДЫ

Диломдық жұмысты қортындылай келе келесідей тұжырымдар жасауға болады:

Қазақстан Республикасы – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің ішінде халықты зейнетақымен қамту реформасын жүзеге асырған алғашқы ел. Қазақстандағы зейнетақының үлгісі чилилік зейнетақы жүйесі болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда базалық, міндетті және ерікті деңгейден тұратын көпдеңгейлі зейнетақы жүйесі жұмыс істейді.

Бірінші деңгейі (базалық) – мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі (республикалық бюджет);

Екінші деңгей (міндетті) – міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен ынтымақты жүйеден (республикалық бюджет) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақылар;

Үшінші деңгей (ерікті) – ерікті зейнетақы жарналары есебінен төлемдер.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ұсынылған реформалау моделі:

біріншіден, жеке зейнетақы жинақтарын басқарудағы мемлекет мүддесімен келісімге келмей қалуды жоққа шығарады;

екіншіден, зейнетақы активтерін және инвестициялық стратегияларды басқаратын компанияны таңдау арқылы салымшыны өз зейнетақы жинақтарын басқаруға тартуға мүмкіндік береді;

үшіншіден, қор нарығы да жанданады. Бұл концепция қазір әртүрлі деңгейде талқылануда, соның ішінде БЖЗҚ-ның жинақтаушы зейнетақы жүйесі мәселелері бойынша Қоғамдық кеңесте талқылануда. Әлі де толықтырулар мен өзгерістер енгізілуі мүмкін. Біздер үшін мұндай тәсілдің артықшылығы – бәсекелестік орта мемлекет бақылауында болады.

Кез келген моделдің мықты және әлсіз тұстары болады, белгілі бір мәселелерді шешуге бағытталады. Әртүрлі компоненттерден зейнетақы төлеуді қарастыратын зейнетақы жүйесінің әртараптандырылған моделі зейнетақы жүйесінің түрлі компоненттерінің мықты және әлсіз тұстары арасындағы тиімді баланс табуға мүмкіндік береді және бір компоненттің кемшілігін басқа компоненттің артықшылығы есебінен өтейді.

БЖЗҚ –ның инвестициялық қоржынын талдай отырып, біз келесідей проблемаларды айқындадық:

- жалпы проблема – БЖЗҚ-ның инвестициялық қоржынының төмен кірістілігі;

Инвестициялық қоржын кірістілігінің төмен болуы келесілерге байланысты:

- БЖЗҰ-ның инвестициялық қоржынында ҚР мемлекеттік бағалы қағаздарының үлесі жоғары 50,5%;

- БЖЗҚ-ның инвестициялық қоржынының құрылымы борыштық бағалы қағаздарға қатысты бұрмаланған. Акцияларға салынған инвестициялар шағын бөлігін алады;

- БЖЗҰ-ның инвестициялық қоржынында шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздарының үлесі өте аз;

Аталған проблемалардың туындауының басты алғы шарты БЖЗҚ-ның Инвестициялық Декларациясында инвестициялық қоржын құрамына жаңа қаржылық құралдарды енгізуге жол берілмеуінде.

Осылайша, қазіргі уақытта осы саладағы ең үздік әлемдік тәжірибені пайдалана отырып, осы инвестициялық қызметтің барлық аспектілерін одан әрі тереңдете және егжей-тегжейлі талдау негізінде оларды шешуді талап ететін БЖЗҚ-ның инвестициялық қызметінің көптеген проблемалық бағыттары бар. Болашақта зейнетақы активтерінің кірістілігін көтеру мақсатында зейнетақы активтерін басқаруға Инвестициялық активтерді басқару компанияларын тартылу қажет. Аталған зейнетақы активтерін басқарушы компаниялардың болашақта даму болашағы жоғары екендігін болжамдауға болады. Сондықтан қарастырылып отырған Концепция өз тиімділігін көрсетеді деген үміттеміз.

ҚР Зейнетақы жүйесін ары қарайғы жаңғырту аясында келесілерді жүзеге асыру қажет:

- Үздік тәжірибе стандарттарына сәйкес сапалы қызмет көрсету

1) Зейнетақы қызметтеріне бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету;

2) Зейнетақы қызметтерінің белгіленген стандарттарын сақтау;

3) Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың біріктірілген жүйесін ары қарай дамыту үшін сапа менеджменті жүйесінің стандарттарына Қордың бизнес-үдерістерін сәйкестендіру

- Қазақстан Республикасы халқының зейнетақы жинақтарын жоспарлау мәдениетін дамыту:

1) Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы халықтың қаржылық-құқықтық сауатының деңгейін көтеру;

2) БЖЗҚ-ның позитив бейнесін қалыптастыру арқылы жинақтаушы зейнетақы жүйесіне деген халық сенімін нығайту;

3) Дербес зейнетақы жоспарлары мәдениетін қалыптастыру;

4) Ерікті зейнетақы жоспарларын дамыту;

Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесін ары қарай дамыту бағыттары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын іске асыру:

1) БЖЗҚ-дан ай сайынғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға өту;

2) Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің шартты-жинақтаушы құрамдауышын – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын төлеуді бақылауда ұстау;

3) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт аясында Құзыретті орган ретіндегі БЖЗҚ қызметтерін жүзеге асыру

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2018 жыл 10 қаңтар.
2. Улиям Петти «Трактат о налогах и сборах» <http://ek-lit.narod.ru/pettsod.htm>
3. Пенсионное обеспечение: учебник для академического бакалавриата / М. О. Буянова, О. И. Карпенко, С. А. Чирков ; под общ. ред. Ю. П. Орловского. — М. : Издательство Юрайт, 2018. — 193 с.
4. Борисенко Н. Ю. Пенсионное обеспечение: учебник : для студентов высших учебных заведений, обучающихся по специальности "Финансы и кредит" / Н. Ю. Борисенко. - Москва : Дашков и К°, 2009. - 572 с.
5. «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР 2013 жылғы 21 маусымдағы №105-V заңы, (2018.01.01. берілген [өзгерістер мен толықтырулармен](#))
6. Соловьев А. К. Пенсионное страхование: учебное пособие для студентов, обучающихся по специальности "Финансы и кредит" / А. К. Соловьев. - Москва : Норма, 2011. - 399 с.
7. Волошина А.Ю. Автореферат дисс.на соис.уч.степени канд. Экон.наук «Мировой опыт развития пенсионных систем: общемировые тенденции и межстрановые различия» Москва, 2010.
8. Гусаков Д. Б. История пенсионного обеспечения и социального страхования в России: учебное пособие / Д. Б. Гусаков. - Санкт-Петербург : Санкт-Петербургский государственный институт психологии и социальной работы, 2010. - 259 с.
9. Пенсионное обеспечение: учебно-методическое пособие / автор-составитель Беляева Раиса Иосифовна. – М.: Издательство «Перо», 2017. – 42с. <https://narfu.ru/university/library/books/3298.pdf>
10. Қазақстандағы зейнетақы: кәрілікте зейнетке бөлен. <https://strategy2050.kz/news/45422>
11. Демидова Н.В. «Становление пенсионного обеспечения в Казахстане. Эволюция управления, достижения и недостатки». «Аль-Пари», 3-2010.
12. Алимухамбетов Н. «Мы будем строить фонд, который в меньшей степени подвержен рискам». Панорама, 2007.
13. «10 лет пенсионной реформе». Рынок ценных бумаг Казахстана, 2007 г., № 19.
14. БЖЗҚ, Басты оқиғалар тізбегі <https://www.enpf.kz/kz/o-fonde/kratko-o-fonde/klyuchevye-sobytiya.php>
15. Қазақстан Республикасының Конституциясы http://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution
16. БЖЗҚ ресми сайты <https://www.enpf.kz/kz/o-pensionnoy-sisteme/prosto-o-pensionnoy-sisteme>

17. "Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі N 414 Заңы

18. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясы ҚР ҰБ Басқармасының 2016 жылғы 18 наурыздағы №86 қаулысы.

19. 2014-2017 жж. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрамы <https://www.enpf.kz/kz/pokaz/invest/struktura-investitsionnogo-portfelya-dlya-smi.php>

20. <https://www.enpf.kz/ru/indicators/invest/structure.php>

21. <https://www.enpf.kz/kz/indicators/invest/structure.php>

22. К.О.Шаяхметова, К.Ж.Елшибекова, Модернизация пенсионной системы Республики Казахстан Вестник МИЭП. 2015. № 4 (21). С. 20–26.

23. Баева Д. С. Мировой опыт развития негосударственного пенсионного обеспечения // Молодой ученый. — 2016. — №6.6. — С. 56-58. — URL <https://moluch.ru/archive/110/27457/>

24. Шаидов М.А. Исследование зарубежного опыта в построении эффективных моделей пенсионного обеспечения населения старны. *Историческая и социально-образовательная мысль*. 2017;9(6/2):194-199. DOI:[10.17748/2075-9908-2017-9-6/2-194-199](https://doi.org/10.17748/2075-9908-2017-9-6/2-194-199)

25. Зейнетақы жүйесін қалыпты даму кезеңін жалғастыру. Егеменді Қазақстан. <https://egemen.kz/article/zeynetaqy-zhuyesi-qalypty-damu-kezenhin-zhalghastyradu>

26. 2017-2021 жылдарға «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік даму стратегиясы. 2017. <https://www.enpf.kz/kz/o-fonde/kratko-o-fonde/korporativnaya-strategiya-razvitiya-enpf.php>

27. <https://www.enpf.kz/ru/about/summary/events.php>

28. <http://abctv.kz/kz/news/zejnetaky-zhinagy-zheke-kompaniyalardyn-baskaruyna-beriledi>

29. https://www.enpf.kz/ru/o-fonde/press-tsentr/smi-onas/index.php?ELEMENT_ID=2249

30. Управляющие пенсионными активами выходят из тени банков и страховых компаний <https://enpi.kz/mezhdunarodniy-opyt/upravlyaushi%D0%B5-pensionnymi-aktivami-vyhodyat-iz-teni>

31. <https://www.lsm.kz/v-kakie-instrumenty-vkladyvayut-pensionnye-den-gi-kazahstancv>

32. <https://www.lsm.kz/v-nacbanke-razrabatyvaetsya-koncepciya-po-upravleniyu-pensaktivam>